

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған, мөлшері 2006 жылғы 1 маусымнан бастап арттырылмаған зейнетақы төлемдерін қайта есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 928 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Баспасөз релизі

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 73-бабының 13-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған, мөлшері 2006 жылғы 1 маусымнан бастап арттырылмаған зейнетақы төлемдерін қайта есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 19 қарашадағы
№ 928 қаулысымен
бекітілген

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған, мөлшері 2006 жылғы 1 маусымнан бастап арттырылмаған зейнетақы төлемдерін қайта есептеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған, мөлшері 2006 жылғы 1 маусымнан бастап арттырылмаған зейнетақы төлемдерін қайта есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының

13-тармағына сәйкес әзірленді және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған, мөлшері 2006 жылғы

1 маусымнан бастап арттырылмаған зейнетақы төлемдерін (бұдан әрі – зейнетақы төлемдері) қайта есептеу тәртібін айқындайды.

2. Әскери прокуратура органдарын қоспағанда, прокуратура органдарында қызмет өткерген қызметкерлерге (бұдан әрі – қызметкерлер) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақы төлемдері қайта есептелуге жатады.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері зейнетақы төлемдерін қайта есептеуді жүзеге асырады.

4. Зейнетақы төлемдерін қайта есептеу үшін лауазым, сыныптық шен, еңбек сіңірген жылдар, еңбек өтілі туралы мәліметтерді "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісіндегі деректер бойынша толтырады және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына 2016 жылғы 10 қаңтарға дейін жібереді.

5. Қызметкерлердің 2005 жылғы 1 шілдеге ұқсас немесе теңестірілген лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысы және сыныптық шені үшін қосымша ақысы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырады және бес жұмыс күні ішінде Орталыққа ұсынады.

2. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу тәртібі

6. Зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2006 жылғы 1 маусымнан бастап 2005 жылғы 1 шілдедегі ақшалай қамтылымды еңбек сіңірген жылдардың көрсеткішіне көбейту арқылы есептеледі.

7. 2005 жылғы 1 шілдедегі ақшалай қамтылым қызметкердің 2005 жылғы 1 шілдеге ұқсас немесе теңестірілген лауазым бойынша лауазымдық айлықақысын және зейнетақы төлемдері тағайындалған күнге сәйкес келетін сыныптық шені бойынша 2005 жылғы 1 шілдедегі сыныптық шені үшін қосымша ақысын қосу арқылы айқындалады.

8. Еңбек сіңірген жылдарының көрсеткіші әскери қызметтегі, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдшерлік қызметтегі еңбек сіңірген жылдарына және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес еңбек өтіліне байланысты пайызбен айқындалады.

9. Зейнетақы төлемдерінің 2006 жылғы 1 маусымнан бастап қайта есептелген мөлшері:

1) зейнетақы ісінің деректері бойынша зейнетақы төлемдерінің 2006 жылғы 1 маусымдағы мөлшерінен төмен болмауға. Егер зейнетақы төлемдерінің 2006 жылғы 1 маусымнан бастап қайта есептелген мөлшері зейнетақы ісінің деректері бойынша зейнетақы төлемдерінің 2006 жылғы 1 маусымдағы мөлшерінен төмен болса, онда зейнетақы ісінің деректері бойынша зейнетақы төлемдерінің 2006 жылғы 1 маусымдағы мөлшері сақталады;

2) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнетақының ең төмен мөлшерінен төмен болмауға;

3) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жетпіс бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен жоғары болмауға тиіс.

10. Зейнетақы төлемдерінің 2006 жылғы 1 маусымнан бастап қайта есептелген мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2007 жылғы

1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2006 жылғы

15 желтоқсандағы № 1212, "2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 1243, "2009 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1245, "2010 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 2186, "2011 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 1415, "2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1553, "2013 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1676, "2014 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 1403, "Уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 321, "2015 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 1309 қаулыларына сәйкес жүргізілген индекстеуді ескере отырып арттырылады.

